

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері қолбасшысының басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 14 маусым N 649. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.12. N 1189 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлері қолбасшысының басқармасы" (бұдан әрі - Мекеме) мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Мекеменің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері штат санының лимитті шегінде белгілесін.

3. Мекемені қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұстауға көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеме туралы ережені бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Мекемені ұстауға және жарақтандыруға арналған шығыстар сметасын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 наурыздағы N 368 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 15, 142-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақтың 3) тармақшасына (құпия).

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК